

Железин ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күшін жою туралы

Павлодар облысы Железин аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 05 қаңтардағы № 02/1 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабы 8-тармағы, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 43-1-бабы негізінде, аудан әкімдігінің актілерін қолданыстағы заңнамамен сәйкестікке келтіру мақсатында Железин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Железин ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 12 мамырдағы "Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" № 151/5 (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде 2014 жылдың 29 мамырында № 3832 болып тіркелген, 2014 жылғы 14 маусымда аудандық "Родные просторы" газетінің № 24 санында жарияланған және 2014 жылғы 14 маусымда "Туған өлке" газетінің № 24 санында жарияланған);

2015 жылғы 1 маусымдағы "Железин ауданы әкімдігінің атқарушы органдарының " Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" № 143/6 қаулыларының (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде 2015 жылдың 16 маусымында № 4528 болып тіркелген, 2015 жылғы 27 маусымда аудандық "Родные просторы" газетінің № 25 санында жарияланған және 2015 жылғы 27 маусымда "Туған өлке" газетінің № 25 санында жарияланған) күші жойылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің м.а.

Б. Аужанов